




ТҮЙТКІЛ

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

«Кім салса, сол өзі секіріп көрсін». Бұл – Мәжіліс депутаты Владислав Косаревтың Щучинск қаласында салынып жатқан республикалық шаңғы спорты базасындағы трамплинге қатысты пікірі. Депутат мұны осы аптадағы Парламент Мәжілісінің отырысында айтты. Сонымен құрылысы сағызша созылып, басы даудан арылмаған трамплинге қатысты депутат не деді? Содан бастайық. В.Косарев «Біз бүгін ешкімге қажеті жоқ трамплин жайында айттық. Ол трамплиннен ешкім де секірмейді. Себебі оған жел кедергі. Ондағы желдің жылдамдығы үш метрден артық болмауы керек еді. Ал онда жыл бойы бір күн де желсіз болмайды» – деді.

(Жалғасы 3-бетте)



СЕКІРУ ҚАУІПТІ!

СҰХБАТ

Сергей ЛЕСКЕВИЧ:

БҰЛ МЕНІҢ ҚАТЕЛІГІМ ЕДІ...



«Өзімді әлі күнге дейін мұсылман деп санаймын. Құдай жалғыз. Ал Сирияға барғаным өз қателігім еді. Одан дін өзгеріп кетпейді. Мен ешқашан да радикалдық көзқараста болған емеспін. Содырлар – нағыз залымдар. Ал ұйымның өзі шайтаннан тараған. Ондағылардың есі дұрыс емес. Солардың құрбаны болдым. Мені онда алдап апарды. Соның азабын тарттым».

(Толығырақ 3-бетте)



2

БЕНЗИННІҢ
БАҒАСЫ ҚАНША
БОЛАДЫ?

ЭКСПО-НЫҢ
ЖЕМІСІ

4

«АҚЫЛДЫ»
ҚАЛАҒА
АЙНАЛАДЫ

6

БАТЫРДЫҢ
ЖОЛЫМЕН

8

БАСПАСӨЗ – 2017



Жазылу индексі
65032

«Жас қазақ» газеті редакциясының
мекен-жайы ауысты.

Редакцияның жаңа мекен-жайы – 050004, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы, 51/53, 6-қабат

Телефондар: 8 (727) 279-09-19; 279-04-99

Бухгалтерия: 279-09-23 (жарнама бөлімі)

jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта»
бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 57,50



RUB 5,81

DOLLAR 333,57

EURO 391,81

COM 4,87

АЛТЫН (ун.) 1285,60

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Сыйлықтың
сыйлығы



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне қосып отырған үлесі ерекше. 2018 жылдың қаңтарынан бастап еліміз БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық ететін болады. Осы халықаралық мекеме аясында біз барлық әріптестермен табысты жұмыс істеуге ниеттіміз. Бұл туралы Елбасы Қазақстанда төтенше және өкілетті елші болып тағайындалған бірқатар шетелдің дипломатынан сенім грамотасын қабылдағанда айтты.



СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекет басшысы рәсімге қатысушыларға арналған сөзінде олардың дипломатиялық миссиялары Қазақстанның жана даму кезеңіне тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Біз бүгінде еліміздің үшінші жаңғыруын іске асыруға кірістік. «Рухани жаңғыру» атты ауқымды бағдарлама әрбір азаматымыз үшін ерекше мәнге ие болуда. Н. Назарбаев елімізге экономикалық және имидждік тұрғыдан оң әсері болған Астанада өткен бірқатар халықаралық іс-шаралардың нәтижесіне тоқталды. Атап айтқанда, халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесі, Шанхай ынтымақтастық

ұйымының саммиті, Астанадағы төмен байытылған уран банкінің ашылуы және Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым және технологиялар жөніндегі саммиті өтті. Ал Астана процесі зорлық-зомбылықты тоқтатуға, Сирияның тағдырын шешуге негіз қалады.

Елбасы Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы өзара саяси іс-қимылдың жанданғанына назар аударды. Өзара сауда көлемі жарты миллиард долларға жетіп, Алматы мен Кабул қалаларында сауда үйлері ашылды. Еліміз техникалық және гуманитарлық көмек көрсетуді жалғастырады. Ауғанстанның қауіпсіз әрі орнықты

дамуы — өңіріміздегі бейбітшіліктің, тұрақтылық пен өркендеудің кепілі.

Н.Назарбаев Қазақстан Канадамен көпсалалы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Елбасы «Өткен жылы «G-20» саммитіндегі кездесуде премьер-министр Жастин Трюдомен түрлі саладағы байланыстарды нығайту жөнінде уағдаластық. Биылғы маусым айында Астанада «Қазақстан-Канада» іскерлік кеңесінің өтуі — сол уағдаластықтың нақты іске асырылуының көрінісі», — деді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа Ауғанстанның Төтенше және өкілетті елшісі Кадам Шах Шахим, Польшаның Төтенше және өкілетті елшісі Селим Хазбиевич, Канаданың Төтенше және өкілетті елшісі Николя Брусс, Финляндияның Төтенше және өкілетті елшісі Микко Кивикоски, Бельгия Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Алекси де Кромбрюгге де Пикендасель, Францияның Төтенше және өкілетті елшісі Филипп Мартинэ, Эстонияның Төтенше және өкілетті елшісі Хейти Мяемез сенім грамотасын тапсырды.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1713

Қазақстанның көші-қон заңын бұзған осынша шетелдік елден қуылды

33

млрд теңге. Әскерилер, полиция мен депутаттардың жалақысын өсіруге бөлінген қаржы көлемі

1

трлн теңге. Еліміздің солтүстік өңірлері мен Астананы газбен қамтамасыз ету үшін осынша қаржы керек

Келіссөз

Астана процесі

аясындағы Сирия жөніндегі келіссөздердің кезекті жетінші кездесуі 30-31 қазанда өтеді. Еліміздің сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, келіссөздер барысында тұтқында, қамауда отырғандарды босату, қаза тапқандардың денесін беру және із-түзсіз жоғалғандарды іздестіру бойынша жұмыс тобының ережесін бекіту жоспарлануда.

Сондай-ақ тараптар халықаралық лаңкестікпен күрес мәселесін қарастыруға және Сирияда гуманитарлық минадан тазарту

БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



жұмысын жүргізу туралы бірлескен мәлімдемені қабылдауға ниетті. Өзара қызығушылық тудыратын басқа да мәселелердің талқылануы ықтимал. Астанада қыркүйекте өткен келіссөздердің алтыншы раунды тараптардың Сирияда деэскалация аймақтарын құру туралы меморандум ережелерін іске асыру және Астана процесі аясында осыған дейін

қабылданған басқа да шешімдердің орындалуы бойынша жұмысты жалғастыру ниеті расталған бірлескен мәлімдемені қабылдаумен аяқталғанды. Сирияда құрылған деэскалация аймақтары аталған қалыңыстың көлемін едәуір төмендетіп, Сириядағы гуманитарлық жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ынтымақтастық

Сәрсенбінің сәтті күні
Қырғызстан премьер-министрі Сапар Исаков

бастаған делегация Астанаға келді. Екі елдің үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев пен Сапар Исаковтың кеңейтілген және шағын форматыдағы кездесуі өтті.

Осы кездесулер барысында Еуразия экономикалық одағы және Дүниежүзілік сауда ұйымының нормасы мен тәртібіне сәйкес, шекара, көлік, фитосанитарлық, ветеринарлық бақылау, кеден және салықты әкімшілендіру мәселелері қаралды. Еліміздің үкімет басшысы бауырлас қос мемлекеттің қарым-қатынасын Президент Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, барлық бағыт бойынша онтайлы және өңірдегі өзара

дәді ол. Келіссөз қорытындысы бойынша, қос тарап 19 қазан күні қазақ-қырғыз шекарасынан жүгі бар жеке тұлғалар мен тұрақты жүретін рейс автобустарының, жеңіл көліктердің, жүк көліктері өтуінің басым бағыттарының тәртібін қамтамасыз ету жөнінде келісімге келді. Бұған қоса, Қазақстан мен Қырғызстан премьер-министрлері бірінші орынбасарларының төрағалығымен екіжақты

НӘТИЖЕЛІ КЕЗДЕСУ



тиімді ынтымақтастықтың үлгісі болуы керектігін жеткізді. Өз кезегінде Сапар Исаков Қырғызстан тарапынан үлкен делегация келгендігін атап өтті. «Мен, Қырғызстанның премьер-министрі ретінде, біздің ортақ жұмысымыздың нәтижелі болғанын қалаймын»

экономикалық қарым-қатынастың өзекті мәселесі бойынша бірлескен «Жол картасын» жасау мақсатында жұмыс тобын құру жөнінде шешім қабылданды.

Салтанат ШЫРЫНХАН

АПТАНЫҢ АЙТЫСЫ

Майра АЙСИНА, Мәжіліс депутаты:

— Квазимемлекеттік қорға қомақты қаржы құйылса да, Ұлттық қорға бар-жоғы 7,5 миллиард теңге қайтарылған. Неге?



Бақыт СҰЛТАНОВ, қаржы министрі:



«Бүгінде кешенді жоспар бойынша шамамен 113 миллиард теңгеге 291 нысан сатылды. Оның ішінде республикалық меншік бойынша — 8 миллиардтан астам теңгеге 23 нысан, коммуналдық меншік бойынша 33 млрд теңгеге 162 нысан және квазимемлекеттік сектор бойынша 70 млрд-тан астам теңгеге 106 нысан сатылды. Егер нысан республикалық меншікте болса,

қаражат республикалық бюджетке түседі. Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдарын сатудан түскен қаражат сәйкесінше компаниялардың есепшотына түскен»

Нұрлан НЫҒМАТУЛЛИН, Мәжіліс төрағасы:



«Сөзіңізде іліп алар ештеңе жоқ! Дұрыс жауап беріңіз немесе мүлдем жауап бермеңіз, министр мырза! 2014 жылдан бері квазимемлекеттік сектор 680 миллиард теңгеге толықтырылған. Жекешелендіруден 7,5 миллиард теңге қайтқан, осыған қатысты пікір білдірсеніз»

7 сөз

Көршінің су қоймасынан отандастарымызға төнетін қауіп жоқ

Бақытжан ЖАҚСАЛИЕВ, энергетика вице-министрі:

— Қазір бензиннің белгілі бір деңгейде қымбаттап жатқанын байқап отырмыз. Баға 165 теңге деңгейінде болады деген ойдамыз.



Қызықтан қызықтары

Елімізде жанармайдың жыры басталғалы екі аптадан асып барады. Халықтың жанайқайынан құзырлы орындар бензин мен керосинді шындап іздеуге кірісті.

Сөйтсек, кейбір әкімдер жанармайды туған-туысына беріп, есептен шығаратын қулықты ойлап тапты. Осы аптада Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында әйелінің атына жазылған тракторға 800 литр дизель отынын жазып берген ауыл әкімін ұстады. Агенттіктің мәліметі бойынша, әкім жұбайына 800 литр жанармайды бір күннің ішінде жазып берген. Бір қызығы, бір трактор тоқтамай жұмыс істегеннің өзінде тәулігіне 139 литр жанармай жағатыны анықталды.



— Жанар-жағармайдың бағасы қанша теңгеге қымбаттауы мүмкін?

Сауалы

Аптаңың

Жауабы

Сұхбат

Исламды қабылдаған қазақстандық славян жігіті

ДАИШ-тен бір-ақ шыққан. Адасқанын уақытында түсініп, кері қайтқанында біраз қиындықты бастан өткерген. Оны Сирияға көршісі алдап апарыпты. Бәрі де 2012 жылы басталған. Серік деген көршісімен бір жылдай араласып жүріп, ол ақырында ислам дінін қабылдайды. Болған жайды өз аузынан есту үшін біз отандасымыз Сергей Лескевичпен әңгімелесіп қайттық.

— Сергей, бұл жағдайға қалай ұрынғаныңыз туралы айтып берсеніз.
— 2012 жылы көршім Серікпен таныстым. Барлығы сол кезде басталды. Кейін белгілі болғандай, ол біреудің сеніміне кіріп, өзінің бауырына тартуды әбден жетік меңгерген екен. Әр кездескен

Сергей ЛЕСКЕВИЧ:

БҰЛ МЕНІҢ ҚАТЕЛІГІМ ЕДІ...

сайын дін туралы әңгіме қозғайды. Бір жылға жуық араласқан соң, мұсылман болуға бел булым. Көршім Сирия туралы көп айтады. Ондағы әскерлердің бейбіт тұрғындарға күш қолданып жатқанын жиі көтереді. Сөзіне дәлел ретінде неше түрлі бейнеролик көрсетеді. Ата-анам ислам дінін қабылдағанымды естігенде қайтадан христиандыққа өтуімді талап етті. Олай болмаған жағдайда «үйден кетесін» деді. Мен де ашуланып үйден шығып кеттім. Серік осы жағдайды сәтті пайдаланып, Сирияға кетуді ұсынды.

— Кей ақпарат бойынша, Сириядағы соғысқа адам тартатындар бұл үшін ақша береді екен. Солай ма?

— Бұл өтірік. Оның *(Серіктің — ред.)* ақшасы болған жоқ. Тіпті ұшақ билетін де өзім сатып алдым. Ол мені көлігімді сатуға мәжбүрледі. «Осы ақшаға Кұдай алдында сауапты іс жасайсың, мұсылмандарға дөрі-дәрмек қажет. Соларға көмектессең» деді. Бұған келістім. Сөйтіп, Түркияға ұшып кеттік. Ыстамбұлдағы қонақүйде

біраз күн жаттық та, сосын Түркияның Сириямен шекарасына автобуспен бардық. Шекара күзетілмейді екен. Ол жерден жаяу еш кедергісіз өтіп кеттік. Бізді қолында автоматы бар сақалдылар қарсы алды. Сосын әлдебір қосынға алып барды. Мені аздап орысша сөйлейтін өзбектердің қасына орналастырды. Бұл жердің нағыз жеңдеттерді лайындайтын жаттығу базасы екенін солардан білдім. Онда жарық пен су болмады. Тамақты сырттан әкелетін.

— Ол қосымда сізден бөлек

қазақстандықтар болды ма?

— Ол жерде кімдер болмады дейсіз! Әзірбайжан, түрік, кавказдықтар, бұрынғы Одақтың барлық елінен бар. Кейін мені Қырғызстанда арнайы қызмет өкілдері ұстағанда, оларды суретінен танылдым. Сирияға барған соң, Серік бірден өзгеріп сала берді. Мүлдем басқа адамға, нағыз зұлымға айналды. Екеуіміз ұрсысып қала беретін болдық...



деді. Бұл жалған сөз. Түрік кедені арқылы жарылғыш затты қалай алып өтемін? Тергеушілер таяқпен ұрып, екі күн бойы тоқпен қинады. Басыма пакет кигізді... Өте тар камерала 5 ай бойы отырдым...

Қырғыз соты мені 6 жыл 10 айға кесті. Оның 2 жарым жылын өтеп, сосын рақымшылық бойынша бостандыққа шықтым.

Түрмеден босаған соң Қазақстанға қайтып келдім. Мұнда бір жылдай тұрғаннан кейін әйелім екеуіміз шетелге кетейік деп ұйғардық.

Әр елде сенделіп жүріп, ақырында Одессада тұрақталдық. Мен жұмыс таптым. Туыстарым пәтер сатып алуға көмектесті. Сол жерде балам дүниеге келді. Бәрі де біразаға дейін жақсы болып тұрды...

Бұдан кейін Украинаның арнайы қызметтері түртпектей бастады. Олар визалық тәртіпті бұзды деп, елден кетуімді талап етті. Бірақ бұл үшін біраз уақыт керек деп айттым. Ал арнайы қызмет өкілдері мені «ұшаққа билет бар ма екен, соны біл» деп әуесжайға жібереді.

Алдап жіберіпті. Шекаралық аймақта басыма қапшық кигізіп, қолыма кісен салып, Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы ұшағына мінгізді. Менен басқа да адамдарды ұстады. Бірақ олардың кім екенін білмеймін.

Осылайша қайтадан Қазақстаннан бір-ақ шықтым.

— Осындай жағдайлардан кейін сіз діни сеніміңізді өзгерттіңіз бе?

— Жоқ, өзімді әлі күнге дейін мұсылман деп санаймын. Құдай жалғыз. Ал Сирияға барғаным өз кәлігім еді. Одан дін өзгеріп кетпейді. Мен ешқашан да радикалдық көзқараста болған емеспін. ДАИШ солдырлары — нағыз зальымдар. Ал ұйымның өзі шайтаннан тараған. Ондағылардың есі дұрыс емес. Солардың құрбаны болдым. Мені онда алдап апарды. Соның азабын тарттым. Енді жалғыз қорқынышым бар. Өлгі зальымдар менен кек ала ма деп қорқамын...

Бір қуанатыным, Қазақстандағы арнайы қызмет мені қырғыздар сияқты азаптап жатқан жоқ. Барлық әрекет заң шеңберінде жасалауда. Олар мән-жайды анықтаған соң, отбасыма бара аламын деп үміттенемін.

Сұхбаттасқан Диярам АРКИН

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Дәл осы тұста Мәжіліс төрағасы әңгімеге араласты.

— Оны мамандар даярлады емес пе? — деді Нұрлан Нығматулин.

— Кім салса, сол өзі секіріп көрсін, — деп жауап қатты Парламент депутаты.

Енді осы трамплин жайында айта кетейік.

Ақмола облысының Шүчинск қаласында салынып жатқан республикалық шаңғы спорты базасындағы трамплин құрылысы — еліміздегі ең әйгілі «сақалды» құрылыстың бірі. 2005 жылы басталған. Сол кезде мектеп табалдырығын аттап жатқан бүлдіршінің біразы трамплиннен секіріп, шаңғы спортының шебері боламыз деп армандаған да болар. Бірақ олар аяқталмаған құрылысқа қарай-қарай көзі талып,

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН СЕКІРУ ҚАУІПТІ!



жоғары оқу орындарына аттанып кетті. Тек олар емес, бұл өңірде спортқа қызығатын әлі талай жасөспірімнің арманы орындалмайтын сияқты.

Бұл не деген батпап құйрық?

Ал трамплин құрылысына бөлінген қаржыны естісеніз, есіңізден танасыз. Бұған жұмсалатын қаржыға 30 мектеп пен аурухана салуға болады екен. Жобаның алғашқы құны 9 млрд 346 миллион тенге деп белгіленген. Құрылыс 2008 жылы аяқталады деп жоспарланған. Бірақ бұл ақша жетпей қалып, 2009 жылы құрылыс құны 15 миллиард 244 миллион тенгеге өскен. Ал «сақалды» құрылысқа бұл да аздық етті. 2016 жылы құны 38 миллиард 531 миллион тенгеге бірақ көтерілген. Әрбір жолы бюджеттік комиссияның шешіміне сәйкес жоба-сметалық құжаттың түзету енгізіліп отырған. Осылайша трамплин құрылысының құны бастапқы бағасынан 4 есеге дейін артқан.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы 2015 жылы мамыр айында құрылыстың

90 пайызға даяр екендігін жария еткен. Сонымен қатар 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастайды деп уәде берген. Осы жылдың сәуір айында Мәжіліс депутаты Дания Еспаева мәдениет және спорт министрінің атына сауал жолдады. Онда «2015 жылдың мамыр айында сіз *(Мәдениет және спорт министрі — ред)* былай айтқан едіңіз: «Нысанның қазір 90 пайызы дайын. Тек трамплинді аяқтау керек». Сол сөзіңізде 2016 жылдың 1 қаңтарында нысанды пайдалануға беруге уәде бердіңіз. Кейін 2016

жылдың 23 ақпанында Шүчинсктегі халықаралық шаңғы спорты орталығы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп тағы уәде бердіңіз. Ал 2016 жылдың қыркүйек айында министрлік аталған жобаның бюджетін тағы 23 млрд тенгеге ұлғайтты. Егер нысан құрылысы 90 пайызға аяқталған болса, соншама көп қаражатты қайда жұмсалыңыздар? Қалған 10 пайызды аяқтау үшін жобаның негізгі құнынан тағы 2,5 есеге көп қаражат расымен де қажет болды ма?» — делінген. Сонда қалған 10 пайыздық құрылысқа осыншама қаржының бөлінуі ақылға сыйымсыз.

Трамплин салынған жер талапқа сай ма?

Мамандардың пікірінше, оқу-жаттығу мен жарыс -10, -15 градустан төмен емес температурада өтуі керек. Ал Бұрабай өлкесінде қыстағы ауа температурасы -25-30 градуска дейін төмендейтіні барша жұртқа мәлім. Сонымен қатар желдің жылдамдығы да төмен болуы керек. Ал Ақмола өңірінде үнемі боран соғып тұратыны белгілі. Осының бәрін есепке алғанда, милиардтаған қаржыны «жұтқан» трамплиннің пайдасы не?

Сөз соңы

Жалпы біздің елде мұндай сақалды құрылыстың көп кездесетіні өкінішті. 12 жыл деген аз мерзім емес. Адам жасымен өлшесен, бір мүшел. Тұтас бір қала тұрғызатын уақыт. Бірақ бұл трамплин аяқталған күннің өзінде, одан секіру қауіпті болып тұр.

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, Астана

Орайы келген әңгіме

— Бақытжан Меңдібекұлы, өзіңізге белгілі, қазір «Қазақстан Республикасының діни қызмет пен діни бірлестіктер мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қызу талқылануда. Бұл қандай өзгеріс пен толықтырулар?

— Иә, бұл заңның жобасы Қазақстан үкіметінің сайтына және дін істері және азаматтық қоғам министрлігі дін істері комитетінің сайтына ілінген. Оншақты заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізілмекші.

Қылмыстық кодексе және әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген кейбір толықтырулар азаматтардың діни сезімімен қатар, атеистік ұстанымын балағаттауға мүмкіндік бермейді *(Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 2-бөлімінің 490-бабы)*. Тәкфіршілдерді айтпағанда,

Елімізде биыл дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің бастамасымен әзірленіп жатқан «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы кейбір заңнамаларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы бүгінгі күні қоғамда қызу талқылануда. Маңызды құжатта қандай мәселе көтеріліп, қандай жаңа ұсыныс енгізіліп жатқанын білу үшін Қазақстан дінтанушылар конгресінің төрағасы, Білім және ғылым министрлігіне қарасты, философия, саясаттану және дінтану институты дінтану бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Сатершиновтан сұхбат алдық.

заңнамаларға енгізілген кейбір толықтыру діни ғұрыптарды атқару мен *«иет тілді үйрету» деген желеумен*) діни білім беруді заңнамада көрсетілмеген жерлерде өткізуге және оған балаларды тартуға тыйым салады. Қазақстан азаматтары шетелде діни білім алу үшін де бекітілген тәртіпті сақтауы тиіс. Бұл құқықтық шаралар шетелде, әсіресе, Таяу Шығыс елдерінде білім алып келіп, жат ағымдар идеологиясын таратудың алдын алады.

діни ұйым өкілдерінің оқушылармен діни мәселелер бойынша шара өткізуіне жол берілмейді. Бұл заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар соңғы кезде өріс алған прозелитистік *(біреуді өз дініне тартудың табанды әрекеті)* және діни конверсиялық әрекеттермен байланысты болып отыр. Атадан келе жатқан дінін басқаға айырабастап, рухани мұқтаждығын күмәнді діни ағымдардан тауып жүрген қазақ балалары жиі кездесетін болды. Бұл да болса, қазақстандық мұсылман жамағатының бірегейлігін бұзатын қауіпті үрдіс.

Жалпы дінге байланысты өз көзқарасыңды біреуге тану моральдық тұрғыдан алғанда да құпталмайтын нәрсе. Имамдардың жүргізетін уағзының жөні бөлек, өрине. Ал енді қызмет жағдайы мен лауазымын пайдаланып, өз әріптестері арасына таратуға тырысса, бұл тіпті ұжымның ішінде рухани ауанның тоталитарлануына әкелуі мүмкін. Сондықтан «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңының *(2015 жылғы 23 қараша)* 13-бабына мынадай толықтыру

Атап айтқанда, діни құлшылық, діни салттар, діни ғұрыптар, тәуеп ету, діни әдебиет, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар, діни жиналыс, табыну орны, прозелитизм, діни радикализм, діни фанатизм, экстремистік идеология, діни рәміздер. Сондай-ақ аталған Заңның мемлекет және дінге қатысты 3-бабына, өкілетті мекемелердің біліктілігіне қатысты 4-бабына, жергілікті атқарушы мекемелердің біліктілігіне қатысты 5-бабына, дінтанулық сараптамаға қатысты 6-бабына, діни салттар мен ғұрыптарды атқаруға қатысты 7-бабына, діни бірлестіктер құруға байланысты 13-бабына және т.б. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл толықтырулар мен өзгерістер радикалды топтарға қарсы сот-сараптамалық жұмыстарды жүргізуді едәуір жеңілдетеді. Қоғамдағы діни ахуал күрделі

дін саласындағы мамандарға қажеттіліктің өсуі және т.б. Бұл заңнамалық өзгерістер аталған үрдістерден туындайтын келенсіз салдарды болдырмауды көздейді. Мұндағы мақсат — еліміздегі мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды одан ары жетілдіруге, мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтуға және дінді деструктивтік мақсатта қолдануға жол бермеуге бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру болып саналады. Сондықтан бұл дінге шабуыл емес, діни ғибадаттың діндар мен Жаратушы арасындағы сыр екендігін, зайырлы мемлекеттің азаматы ретінде өзі өмір сүріп отырған елдің заңдарын сақтауы қажеттігін, қоғамның мүшесі ретінде күнделікті өмірде өзге дін өкілдерімен де адамгершілік қарым-қатынаста болу керектігін ұмытқан әсіре діншілдікке қарсы бағытталған.

— Бұл өзгерістерді Елбасының көтерген қоғамдық сананы жаңарту немесе рухани жаңғырту бастамасымен байланыстыруға бола ма?

— Әбден болады. Иә, Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының өкілдерімен кездесу барысында «Дін мәселесі біздің рухани байлығымыздың бір бөлшегі, бұл ретте дәстүрлі рухани тамырымызды нығайта отырып, санамызды жаңарту шарт» екенін айтты. Ел ішіне іріткі салудың бір жолы, «сырттан ықпал етудің бір тәсілі — жат діни ілімдерді бізге тарату» екендігін Елбасы ескертті.

Бізге жат идеологияның әлемді дүр сілкіндіріп отырған қаттығыс аймақтарынан келіп жатқаны белгілі. Бұл — адамды сыртқа тебетін *(эксклюзивті)* идеология. Ал қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған діні — ханафилік мәзһабы ұстанымындағы адамды ішке қарай тартатын бауырмал *(инклюзивті)* ислам. Діндарларға, міне, осы жолды жаңғырту қажет.

— Демек, бізге ханафи мәзһабын жаңғырту керек дейсіз ғой. Бұл қазіргі тілмен айтқанда, қаншалықты «бәсекеге қабілетті» бола алады?

— Мен тек дінді жаңғырту қажет деп отырғаным жоқ. Рухани саланың құрамдас бөліктері ретінде, сонымен қатар балама, жанама түрде ғылым мен философияны, мәдениет пен спортты, әдебиет пен өнерді де дамыту керек.

Бүгінгі күні адамға бүйрегі бұратын және дамыған қоғам құру мәселесі посткөненстік елдер үшін де, қазіргі мұсылман елдері мен қоғамдар үшін де бүгінгі күнін өзінің аса маңыздылығымен көзге түсіп отыр. Сондықтан діни доктриналардың замана талабына сай ішкі эволюцияға бейімді болуы үшін, дәлірек айтқанда, қоғам, тұтастай алғанда, адамзат дамуының интеллектуалдық, құқықтық және моральдық-этикалық деңгейіне сәйкес эволюцияға бейім болуы үшін қажетті әлеуетке ие болуы мейлінше маңызды болып табылады.

Сұхбаттасқан Бейбіт ТОҚТАРБАЙ



қазіргі қарапайым діндарлардың өздері құлшылық-ғибадатты өтмейтін жандарды «күпірлікпен» кінәлайтыны бой көрсетіп келеді. Бұл жағдай адамның ар-ождан бостандығы туралы зайырлы заңнамамен қатар, бейбіт өмір сүруді атымен де, затымен де айғақтайтын исламның рухына да, «әркімді болмысына сай» бауырмалдықпен қабылдайтын қазақтың дәстүрлі діни дүниетанымына да қайшы келеді. Осы

Көмелетке толмаған балаларға қатысты дін және діни көзқарастарды пайдалана отырып, әрекет ететін коммерциялық емес ұйымдар құруға да тыйым салынады: 2001 жылдың 16 қаңтарындағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына осындай 4-ші тармақ қосылды. Сондай-ақ 2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданған «Білім туралы» Заңның 28-бабы да толықтырылды: оқу орындарында тіркелмеген

енгізу көзделуде: мемлекеттік қызметкердің қызметтік *(лауазымдық)* міндеттерді *(оның ішінде әскери, қасбей функцияларды)* атқару барысында, жұмыс уақытында, ұжымның ішінде өзінің діни көзқарастарын таратуға; жұмыс уақытында, егер заңнамаға сәйкес, өзінің қызметтік *(лауазымдық)* міндетін атқарудан басқа жағдайда, діни шаралар *(құлшылық, діни салттар, ғұрыптар, жиналыстар)* өтетін жерге баруына; діни бірлестіктер құрудың бастамашысы болуына; миссионерлік әрекетпен айналысуына болмайды. Бұл шектеулер мемлекеттік қызметтің мүлтіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, мемлекет пен қоғамның зайырлылығын нығайтуға бағытталған.

— Өзгеріс енгізілетін заңнамалық актілердің қатарында 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң да бар шығар?

— Өзгерістер мен толықтырулардың басым бөлігі осы сіз атаған «Діни қызмет және діни ұйымдар туралы» заңды да қамтиды. Заңда қолдау табуы тиіс бірқатар негізгі ұғымдармен толықтырулар қарастырылған.

Инвестиция

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақстан сыртқы істер министрлігі мен Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Жамбыл ауданында «Жамбыл Инвест-2017» халықаралық форумы өтті. Аудан орталығындағы «Ақсарай» мейрамханасында өткен іскер жандар басқосуының мақсаты — өңірді дамыту үшін шетел инвестициясын тартуға ықпал ету, бизнес ашамаын деген қалталы кәсіпкерлерге ауданның инвестициялық мүмкіндігін көрсету, халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы интеграциялық үдерістерді нығайту.

Форумға қатысушылар осы мақсатта сан-сала бойынша ауданның бүгінгі әлеуеті мен алдағы даму жобаларынан мол мағлұмат алып, бейнефильмді тамашалады. Сондай-ақ қазіргі кезде аудан аумағында табысты жұмыс істеп тұрған «Сұңқар Алматы құс фабрикасы», «Алматы конфеттері», «Шығыс кен басқармасы», «Күрті», «Жамбыл Керамзит компаниясы», «Техсан Қазақстан», «Пласт Инвест», «Жетісу Жамбыл жиһазы» сияқты өндіріс орындары келушілер назарына арнайы көрме ұсынды.

Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев инвестиция салу мүмкіндігі туралы кең көлемде баяндама жасады. Елдегі ірі мегаполис Алматыға жақын орналасқан тарихы терең, ертені ерен, бизнес жүргіземін деушілерге ұтымды ұсынысы мол киелі мекенде атқарылып жатқан толымды істерді жан-жақты тарқатып, экономикалық жағынан екі тарапқа да пайда әкелетін жұмыс жүргізу үшін тиімді келіссөзге ауданның әзір екендігін жеткізді.



Оның айтуынша, Алматы қаласы маңында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық өсімде ет пен сүт өндірісіне басымдық берілген. Осы бағытта қазірдің өзінде бордақылау алаңы, тауарлы сүт фермасы сияқты инвестициялық жобалар Үнгіртас, Қарақыстақ ауылдарында жүзеге асырылды.

Жамбыл ауданының аумағы екі миллион гектарға жуық жерді алып жатыр. Оның 10 мың гектары шабындық, 1 млн 236 мың гектары жайылым, 97,6 мың гектары егістік. Аграрлы аймақ тұрақты өркендеу үстінде. Кейінгі он жыл ішінде негізгі көрсеткіштер он есе өсті. Дәнді дақылдар, бақша өнімдері, ет, сүт, жүн өндіру, мал саны бойынша облыста алдыңғы орындарда. Бірақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жағы кемшін, өнімді шикізат күйінде өткізудің үлес салмағы басым. Сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісін интенсификациялау және өнімін тереңдей өңдеу маңызды. Осы саланы талапқа сай дамыту қажет.

Бұл бағытта жүн, тері, ет, сүт, жеміс-жидек пен көкөністі қайта өңдеуге инвестиция саламын деушілерге қажетті шикізат мол, инфрақұрылым дамып. Теміржол желісі бойынша Қазыбек бек бекетінде инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған индустриалды аймақ құрылып, 693 гектар жер телімі бөлінді. Ауданның транзиттік әлеуетінің жоғары болуы, аумағынан «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» жолы өтетіні тауар тасымалына өте қолайлы. Аталған халықаралық автожол жанынан жол бойы кемпингтерін орналастыруға арнап 5 гектардан жер телімдері белгіленді. Ауданның тарихи орындары, көрікті жерлері, Балқаш көлінің жағасы туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Инвесторларға ауданның географиялық жағдайының қолайлылығын, суды, желді, күнді пайдалана отырып, жасыл экономиканы дамытудың, елді мекендерді заманауи құрылыстармен кеңейтудің, басқа да мүмкіндіктердің бар екенін айтқан Жандарбек Ермекұлы аудан экономикасына белсене капитал салуға шақырды. Өңірді дамыту үшін отандық та, шетелдік те серіктестермен, ғалымдармен, кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істеуге ашықтығын білдірді.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Әлімжан Токтасынов, «Дипломатиялық корпуспен жұмыс істеу басқармасы» АҚ

Жетісу жеріне кәсіп ашып, іс жүргізісі келетін шетелдік инвесторларға Алматы облысы тарапынан барлық жағдайдың жасалып жатқаны, инвестициялық мүмкіндіктің мол екендігі де баурауда. Ал Жетісу өңірінің табиғаты тамаша аймақтардың қатарынан табылатыны, осы ретте туристік саланы өркендетуге айрықша мән беріліп, ыңғайлы жағдайдың жасалып жатқандығы қызықтыруда. Сонымен бірге аймақтың ел бойынша майбұршақ, жүгері, көкөніс, картоп, ет, жұмыртқа, жүн өндіруде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, жүзім мен сүт өндіруде екінші орын алатындығы да инвесторларға табылмайтын мүмкіндік. Өнеркәсіптік әлеуетті өркендетуге ден қойып отырған бұл аймақта екі мыңнан аса кәсіпорын орналасқаны және оның 82 пайызының агроөнеркәсіп кешенінің еншісінде.

Қант қызылшасын өңдеу мен айналысатын жоғары технологиялы зауыт құруда ақ, сүтті-етті мал және жылыжай шаруашылығын өркендетіп, интенсивті бау-бақша алқабын кеңейту бағытында да айтарлықтай жұмыстардың іске асырылып жатқаны, индустриалды аймақтар құрылып, жаңа жұмыс орындарының ашылып жатқаны, жалпы ел экономикасын өркендетуде қай салда болсын ілгерілеушілік бар екені, оған үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп келе жатқаны, бұған қоса, мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалана отырып, «Индустриалды-инновациялық даму», «Бизнестің жол картасы – 2020» сияқты бюджеттік бағдарламалардың рет-ретімен жүзеге асырылып жатқаны да шетелдіктердің ойына шығып тұр. Осы орайда жоғары технологиялы жаңа өндіріс орындарын құру, сүт өнімдерін өндіру, жеміс-жидек пен көкөніс өңдеу, құс шаруашылығын өрістету, құрылыс индустриясы мен туризм салаларына да қызығып отырғандар аз емес. Қысқасы, өңіріміздің осы мүмкіндігіне қызығып отырған шетелдік инвесторлар өте көп. Тіпті екі жақты келісімдерге қол қойылып, жұмыс бастағандары да жетерлік. Осы ретте осыған қатысты жаңалықтармен бөліскенді жөн көрдік.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Сондай-ақ Танбалытас ауылындағы «Шығыс кен басқармасы» ЖШС бас директоры Зелина Катранова ойын ортаға салды. Ондаған елдің іскер адамдары ауданның ерекшеліктері мен артықшылықтарына қанығып, пікір алмасты.

Форум соңында қонақтар ауданмен жақынырақ танысу үшін елді мекендерді аралап, Жамбыл мұражайында, электр бұйымдарын шығаратын «Техсан Қазақстан Инвест» және жұмыртқа өндіретін «Сұңқар Алматы құс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде болды.

ПАЙДАСЫ МОЛ ЖЫЛЫЖАЙ

Голландия шағын ел болғанымен ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімін өндіру жағынан тәжірибесі мол. Сол өнімдерін экспорттауда әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр. Олардағы экономикалық ашықтық кәсіпкерлік саласын дамытуға да серпін беруде. Сондықтан бұл елдің инвесторлары әлемнің әр түрлерінде өз мүмкіндігін жүзеге асырып келеді. Әсіресе жылыжай

филиалының жетекшісі Бақыт Оспанов инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау жөнінде баса айтты. Венгрияның вице-консулы Дерль Тар, LAC Holding компаниясының өкілі Лайош Очай, Аустрия елшілігінің сауда өкілдігінің басшысы Михаэль Мюллер мырзалар негізінен еларалық сауда, экономикалық байланыстарды тілге тиек етті.

Ауданға қомақты инвестиция салып, ауыл шаруашылығы саласында жұмысын жолға қойған ирандық азамат, «Империя Фуд» ЖШС бас директоры Арман Жавидан қазақ елінің шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасап отырғанын, ауданда жақсы бизнес климат бар екенін, бұл жердің мал шаруашылығына аса ыңғайлылығын атап өтіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Ол осыдан екі жыл бұрын жалпы құны 3 млрд 578 млн теңге тұратын үш мың басқа арналған бордақылау алаңын іске қосқан болатын. Содан бері 968 миллион теңгеге 1013 тонна ет өткізді. Бүгінде онда 2483 бас ірі қара бордақыда тұр. Келесі жылы бір жарым мың тонна ет өндіру көзделіп отыр. Келешекте бордақылау алаңына қойылатын мал санын 10 мың басқа дейін көбейту мақсатымен жұмыстар жүргізуде. Быттыр серіктестік жалпы құны 288 млн теңге, қуаттылығы 5 мың тонна астық сақтау қоймасын салды. Енді «Алматы — Бішкек» жолы бойынан ет комбинатын ашпақ.

Қасымбек ауылы маңынан ірі құс фабрикасының негізін қалап, ырғақты жұмыс үрдісіне қойған «Сұңқар Алматы құс» ЖШС бас директоры Дмитрий Чалых та тәжірибе бөлісіп, мемлекеттің инвесторларға қатысты икемді саясат ұстанып отырғанын жеткізді.



шаруашылығын дамытуға ден қойылған. Бұл туралы «Көктем Грант» қонақүйінде өткен «Жылыжай саласындағы голландиялық компаниялардың Алматы облысындағы сауда миссиясы» атты семинарда сөз болды.

Семинарға Нидерландының әлемге танымал Bilancia, Celtic Koeling, Dalcem, Enza Zaden, EuroFood consulting, Hoogendoorn, Mac Agro, Oldenhuis & Pirincen, Philips сияқты 14 компаниясының жетекшілері қатысып, Жетісу жұртымен аграрлық секторда жан-жақты байланыс орнату мақсатында өңгіме өрбтті. Шара аясында Нидерландтар елшілігінің ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша кеңесшісі Меруес Брауэрттің айтуынша, олар жылыжай шаруашылығына 10 мың гектар жер бөлген, оның 5 мың гектарына көкөніс, қалғанына гүл өсіріп жатыр. Озық

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

технологияның арқасында жыл сайын мол пайда тауып келеді. Әлемдік экспорттың көшбасында тұрған ел Қазақстанның нөмірі бірінші серіктесі. Екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас 1993 жылы орнады. Содан бергі 24 жыл ішінде елімізге 70 млрд долларға жуық инвестиция құйып, осы саладағы алдыңғы орында келеді.

— Соңғы жеті жылда облысқа тартылған инвестиция көлемі ауқымды. Біз өңірге инвестиция саламын деген кәсіпкерлерді қуана қарсы аламыз. Әрі оларға барынша қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұдан соң Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев бизнес-салымшыларға



— Мәселен, осыдан екі жыл бұрын Нидерландтар Қазақстанға саудалаған ауыл шаруашылық және бағбандық өнімдерінің көлемі 100 млн еуродан асты. Бұның айтарлықтай бөлігі жылыжай шаруашылығының үлесіне тиесілі, — дейді жиналыста сөз алған Нидерландтар Алматы қаласындағы кеңес басшысы Вилко Роггенкамп.

Екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі де жыл өткен сайын артуда. Бүгінде 5 млрд долларды құрап отыр. Мұнай-газ, геологиялық барлау, дәрі-дәрмек жасау, ауыл шаруашылығы, тағы басқа да саладағы ынтымақтастықтың үзігі бекемделіп келеді. Әсіресе жылыжай секторында ілгерілеушілік басым.

Қазірдің өзінде елімізде жылыжай шаруашылығымен айналысатын 40-тан астам голландтық ауыл шаруашылық кәсіпорын бар. Өрбірінің әлеуеті таңдай қақтырады. Бірі — Жетісудың соқа тісі тимеген құйкалы жеріне жылыжай салмақшы, енді бірі көп өнім беретін сапалы тұқымын саудаламақшы, үшіншісі, бақша өнімдерін өсіруге қолданылатын дәрі-дәрмек түрін ұсына келіпті. Тоңазытқыш орнатып, жарықтандыру, суландыру жүйесін жанарту бағытындағы озық тәжірибесін таныстырып жүргені де бар. Жетісуға күнде келе бермейтінін білетін олар кездесу барысында өз мүмкіндіктерін барынша жарнамалап қалудың қамында.

— Van Der Hoeven компаниясының өкілімін. Қазақстан нарығына кіргенімізге алты жыл болды. Қазір төрт ірі жобаны жүзеге асыруды қолға алып, күні-түні соның соңында жүрміз. Сол қатарда Қарадала өңірінен екі гектар жер алып, жер астынан шығып жатқан жылы суда көкөніс өсірудің тәжірибесін сынақтап өткізіп жатырмыз. Алдымен қияр өсіріп көрмекпіз. Жобамыз сәтті аяқталса, адамдар көп өтпей жылы суда өсірілген көкөністерді тұтына бастайды, — дейді Van Der Hoeven компаниясының менеджері Воб Хунсе.

Еліміз бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің 17 пайызы Жетісу өңіріне тиесілі. Өйткені өңірде ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 8 млн гектар жер бар. Ол жерлерде жылыжай шаруашылығы да жақсы өркендеп келеді. Сол қатарда 1061 гектар жерде голланд жылыжайлар жүйесі жұмыс істеуде. Оның дені Алматы облысының еншісінде. Қазірдің өзінде жылыжайлар аумағы 80 гектарға жеткен. Негізінен онда қияр, қызанақ, асқөк өсіріледі. Басым бөлігі түрік, корей, қытай технологиясымен жабдықталған. Жыл соңына дейін тағы да 37 гектар жылыжай қосылмақ. Таяу жылдары облыс басшылығы жылыжай аумағын 100 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Голландиялықтардың көзлегені де осы.

Олар жетісулықтардың дәл осы мақсатын ары қарай жетілдіруге көмектеспек. Тіпті мұхит асып келген қонақтар көкөніс пен гүл өсірудің қыр-сырын жергілікті тұрғындарға үйретуге ниетті. Ол үшін жерлестеріміз міндетті түрде голланд жылыжайларды сатып алуы керек. Бірақ бір гектар голланд дайын жылыжайды орнатуға 1 млн еуро қаржы жұмсалды. Оны жерлестеріміздің қалтасы көтермейді.

ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ ТАРТЫЛАДЫ

Ұлы Жібек Жолының бойынан орын тепкен Талдықорған қаласының даму мүмкіндігі мол. Мұндай пікір өңір орталығында тұңғыш рет өткізілген «Талдықорған инвест — 2017» халықаралық инвестициялық форумында айтылды. Ігі бастаманы қалалық әкімдік пен облыстық кәсіпкерлер палатасы бірлесе ұйымдастырды. Шаралар еліміз кәсіпкерлерімен қатар Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия және Ресейден 70-ке жуық компания өкілдері бас қосты.

Форум қатысушылары Талдықорған қаласының даму және инвестициялық мүмкіндіктері туралы фильмді тамашалады. Жиналғандарды облыс әкімі Аманжол Баталовтың атынан орынбасары Жәніс Тұяқов құттықтап, облыстың даму динамикасы жөнінде мағлұмат берді.

қаланың инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Жаңа экономикалық ахуалдағы жанарған қаланың даму жоспарына тоқталды. Әрі облыс орталығы үшін шағын және орта бизнестің қандай маңызы ең екенін атап өтті.

Бүгінде қала қазынасына түсетін алым-салықтардың 50 пайыздан астамын шағын және орта бизнес береді. Мәселен, биыл 9 айлық көрсеткіш бойынша аталған кәсіпкерліктен 8 млрд теңге көлемінде салық түскен. Бұл бытырдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 75 пайызға жоғары. Қазірде аталмыш кәсіп түрі бойынша он мыңға жуық бизнес субъектісі бар. Оларда 26 мыңнан аса адам еңбек етуде. Жыл басынан бері шаһарда 15 жаңа кәсіпкерлік нысан ашылып, үш жүзден аса адам жұмыспен қамтылған.

— Талдықорған көрішлес екі алып ел — Қытай мен Ресейдің көлік магистральдарына жақын орналасқан. Бұл экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Қалаға ауыл шаруашылығы алқаптары іргелес жатқан аймақтар да біз үшін маңызды. Біз олармен бірлесе жұмыс істеу арқылы ауыл шаруашылығындағы негізгі бағыттарды жылдам дамытуға мүмкіндік аламыз. Әрі соның арқасында сапалы, экологиялық жағынан таза өнімдерді көрішлес мемлекеттерге ірікісіз экспорттап, шығарылатын тауар көлемін де тез ұлғайта аламыз, — деді қала әкімі. Бұдан әрі өңір орталығының кәсіпкерлік үшін тиімді саналатын өзге де артықшылықтарын саралай келіп:

— Бизнес үшін бізде барлық жағдай жасалған. Сондықтан барлық әлеуетті инвесторларды өз жоспарын біздің қаламызда жүзеге асыруға шақырамыз, — деді ол.

Әлеуетті инвестор демекші, шара аясында мұндай мүмкіндігі жоғары кәсіпкерлерге барынша қолдау көрсетіліп, жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінетіні жеткізілді. Сондай-ақ мемлекет пен жекеменшік әріптестік негізінде салынатын тұрғын үйлер мен өзге де әлеуметтік нысандарға инвестор тарту мәселесі де қарастырылды.

Форумға қатысушы «Лун Юань Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Янь Гуан Хуанның айтуынша, олар үшін бұл басқосудың маңызы зор. Аталған серіктестік бүгінде Жетісу жерінде 2,600 млн. доллар қаражатқа мал бордақылау алаңын салуды бастап кеткен. Қазақстанның жергілікті өнімі өндірілетін өндіріс алаңында 5000 — 10000 бордақылайтын арнайы алаң болмақ. Жоба сәтті жұмыс істеген жағдайда Қытай инвесторы ары қарай тағы бірнеше зауыт салуға мүдделі.

Жиын соңында Бағдат Қарасаевтың қатысуымен бес меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде Жетісудың бас шаһарына құны 10 млрд теңгеден астам инвестиция тартылмақ.



ТҮЙІН

Иә, өңіріміздегі осындай жақсы бастамалар осыған дейін Жетісу жері аграрлы өңір деген ұғымды жоққа шығарып, өндірісі өркендеген, инвесторлар өз арманын жүзеге асыруға ұмтылатын құтты мекенге айналғанын көрсетуде. Мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Алдағы уақытта облысымыздың билік пен бизнес өкілдері ынтымақтаса отырып, бұдан да зор нәтижелі жұмыстарға жол ашып, өндірісіміздің өркендеуіне серпін беретін игі бастамаларды жаңғырта түспек. Қалай болса да, осы атқарылып жатқан жұмыстар елдің қамы, жерінің нарі, келешектің берік болуы үшін істелген дүниелер.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Smart жоба

Күні кеше Астана төрінде өткен халықаралық мамандандырылған EXPO-2017 көрмесі «жасыл» технологияға байланысты әлемнің ең озық жобаларын бір алаңда тоғыстырған болатын. Әлем үшінші технологиялық революцияның бастауы деп бағалаған осынау халықаралық шарадан кейін, еліміздің көптеген министрліктерінің жаңа жобаларды қолданысқа енгізу мәселесі бойынша арнайы жұмыс топтарын құрғаны белгілі. Аймақтар арасынан Атырау алғашқылардың бірі болып «үнемдеу» деп аталатын тамаша жоба бойынша іске кірісті.



«АҚЫЛДЫ» ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ

ЭЛЕКТР ҚУАТЫ 40 ПАЙЫЗҒА ҮНЕМДЕЛЕДІ

Сонымен, Атырау «ақылды» қалаға қалай айналады? «Смарт Атырау» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекшісі міндетін атқарушы Лунара Рысбайдың айтуынша, бірінші кезеңде Атырауда көшені жарықтандыру жобасын іске қосу жоспарлануда. Соның нәтижесінде 106 шақырым электр жүйесі желілері тартылып, 20 трансформатор, 600 бағана, 600



жарық диодты шам, диспетчерлік бекет тұрғызылады. Сондай-ақ АСУНО жүйесі іске қосылады. Бұл серверлік орталық — ақпаратты іздеу және ақпаратты алу процесін реттейді.

«Батыс Транзит» АҚ бастамасымен қолға алынғалы отырған жобаның жалпы құны 5 миллиард 214 миллион теңгені



құрайды. Басты жаңалық сол, жаңа жоба жылына электр энергиясын 40 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Бірінші кезеңде тоғыз көшеге жарық диодты шам орнатылады. Екінші кезеңде осындай технология 180 көшеде қолданылады. «Қазіргі таңда келісімшарт жасалып, құрылыс жұмысы басталып кетті» дейді спикер.

АҚЫЛДЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ

Сонымен қатар Атырауда SAFE SMART CITY жобасы жүзеге

мегاپикселі 12-ден аспайды. Жаңа камера желісі бір сәтте 32 нысанды бақылауға мүмкіндік береді. Ол бағдаршамның қызыл түсіне тоқтамау, жылдамдықты арттыру, тыйым салынған жерде бұрылу немесе кері айналу, іздеуде жүрген мемлекеттік нөмірлі автоматты түрде тану қызметтерін атқарады. Жобаның алдын-ала

есептеу құны 1 миллиард 100 миллион теңгеге бағаланып отыр. Қазіргі таңда шетелдіктермен арада келіссөз жүргізілуде.

Тағы бір жоба — қоғамдық көлік билетіне электрондық жүйе енгізуді көздейді. Жалпы құны 3 миллион еуроға бағаланған жоба келер жылы іске асырылуы тиіс. Лунара Рысбай «Электрондық билет жүйесіне қаржыны инвестор құяды. Жаңа жүйе тасымалдаушыларға бағыт кірісін ұлғайтуға, мемлекеттен субсидия алуға, жолаушылардың тұрақты есебін жүргізіп отыруға мүмкіндік береді», — дейді.

Мұнай және газ

Жалпы төлем – 121 миллиард доллар

Болашақ кеңейту жобасы мен Жоғарғы қысымды басқару жобасы әлемдік деңгейдегі энергетикалық жүйе болып табылады. Мұнай және газ өндіру қуатын арттыруға бағытталған жаһандық деңгейдегі жобалар Теңіз кен орнында жүзеге асырылуда.

Атырау — өте жедел дамып келе жатқан Қазақстандағы бірегей аймақ. Ел экономикасының локомотиві саналатын Атырау облысында алты жүзге жуық орта және ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Республика бойынша өнеркәсіп өнімі көлемінің 24 пайызын қамтамасыз ететін Атырауды шетелдік компаниялар инвестиция үшін қолайлы аймақ ретінде бағалайды. Біз әңгіме етіп отырған еліміздегі ең ірі инвесторлардың бірі саналатын ТШО-ның әріптестік орнатқанына келер жылы ширек ғасыр толады. 1993 жылдан бастап санағанда 2017 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін ТШО компаниясының елімізге қаржылық төлемі 121 миллиард долларды құрады. Бұл сомаға жергілікті қызметкерлерге төленген жалақыдан бастап, отандық тауар жеткізушілер мен мемлекеттік кәсіпорындар үшін төлемдерді, қазақстандық серіктестерге аударылған дивидендтерді, салықты енгізуге болады. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде ТШО отандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерге бір миллиард доллар көлемінде төлем жасаған.

Тәулігіне – 75 мың тонна мұнай

1993 жылдан бастап ТШО компаниясы өндіріс қуатын арттыратын жобаларды жүзеге асырып келеді. Болашақ кеңейту жобасы мен Жоғарғы қысымды басқару жобасы екінші болашақ зауыттың заңды жалғасы болып табылады. Аталған зауыт жобасын жүзеге асыру кезінде, Теңіз кен орнынан коллекторға газды айдаудың тиімділігі дәлелденген болатын.

2008 жылы аяқталған жоба нәтижесінде тәуліктік мұнай өндіру көлемін 75 мың тоннаға дейін ұлғайтуға жол ашылды. Өндірілетін газ көлемі 22 миллион текше метрге дейін көбейтілді. 2017 жылдың бірінші жарты жылдығының өзінде ТШО өндірген мұнай көлемі 14,59 миллион тоннаға дейін жетті. Өндіріс тілімен айтқанда, бұл — 116 миллион баррель деген сөз. Реті келгенде айта кеткен жөн, Теңіз кен орнының барланған жалпы қоры 3,2 миллиард тоннаны, яғни 25,5 млрд баррельді құрайды.

Күкіртті енді ұмытыңыз

Бүгінгі мақаланың өзегіне айналған Болашақ кеңейту жобасы мен Жоғарғы қысымды басқару жобаларын қаржыландыру туралы шешімді ТШО серіктестері өткен жылы қабылдаған болатын. Интеграцияланған жобаға салынған инвестиция көлемі 36,8 миллиард долларды құрайды. Бүгінде отандық жеткізуші компаниялар жобалау, сатып алу, болашақ кеңейту жобасына модуль дайындау жұмыстарына



белсенді тартылған. Аталған жобаға қазақстандық қатысу көлемі 32 пайызды құрайды.

Болашақ кеңейту жобасы мұнай өндіру көлемін жылына он екі миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Тәуліктік бағаммен алғанда, 260 мың баррель деген сөз. Нәтижесінде Теңіз кен орнынан алынатын мұнай көлемі жылына 39 млн тоннаға жетеді. Аталған жоба кәсіпорынның өндіріс қуатын арттыруға бағытталса, Жоғарғы қысымды басқару жобасы Теңізде жұмыс істеп тұрған барлық зауыттардың қайта өңдеу қуатын арттыруға бағытталған.

Бір айта кетерлігі, Болашақ кеңейту жобасында күкірт өндірілмейді. Құрамында күкіртсутегі бар табиғи газ қыртысқа құйылады. Өйткені нысандарды іске қосу процесі жаңа технологияларға бағытталған. Мұндағы мақсат — ауаға таралатын зиянды қалдықтарды барынша азайту. Жоба құрамдарын іске қосуға бағытталған қосымша нысандармен

«ENBEK.KZ»! Барша отандастарымызға етене таныс бірыңғай цифрлық еңбек биржасын ашып қарасаңыз, бір ғана «ТШО» компаниясының мердігері болып табылатын мекемелердің төрт мыңнан астам бос жұмыс орны туралы хабарландыру ілгенін көресіз. Мұндай тамаша мүмкіндік «Теңізшевройл» компаниясы қолға алған жаңа жобалар нәтижесінде туындап отыр.

бірге, коммуникация, мұнай жинақтау жүйесі және мұнай өндіру скважиналарын тұрғызып, ескілерін жөндеу жоспарлануда.

мердігерлері мен субмердігерлері қажетті вакансияларды аталмыш сайт арқылы іздейді. Бұл интернет-ресурстың иесі Енбек және халықты



ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДРАЙВЕРІ

20 000 жұмыс орны ашылады

Мұнайды экспорттау үшін, қолданыстағы бағыттың қуаты толық пайдаланылады. Соның ішінде, Теңіз кен орны мен Қара теңіз жағалауындағы теңіз терминалы — Новороссийск портын жалғап жатқан жалпы ұзындығы 1500 шақырымды құрайтын «Каспий құбыр желісі консорциумының» магистральды мұнай құбыры бар. Жобаны іске асыру барысында өндіріс қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік дамуға маңыз беріледі.

Болашақ кеңейту жобасы мен Жоғарғы қысымды басқару жобасының құрылысына, модуль дайындау жұмыстарына 20 мың

әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады» дейді ол.

1800 компания алдын ала іріктеуден өтті

ТШО жергілікті жеткізушілердің әлеуетін дамыту керек деп есептейді. Бұл, әсіресе, болашақ даму кешені үшін маңызды. Компаниялардың өндірістік стандарты мен басқару тәжірибесін арттыру — халықаралық серіктестермен тең дәрежеде иық тірестіріп жұмыс істеуге жол ашады. Аталған жобаларды іске асыруда ТШО бүгінде отандық компанияларды тартып отыр. Жобалау, сатып алу, модульдерді дайындау саласында

жүктерді сақтау терминалынан және 24 шақырымды құрайтын төсеме жолдан тұрады. Теңіз каналының ұзындығы — 71 шақырым. Ені — 100 метр. Ал тереңдігі 6 метрге дейін жетеді.

Бағыт үшін каналдың батыс бөлігінде суға батырылған 14 арал және шығыс бөлігінде 16 су үсті аралдары арнайы жасакталған. Бұл аралдар судың келуі мен балықтар миграциясына арналған. Келесі жылдың сәуір айынан бастап, аталған теңіз каналы арқылы жүк пен модульдер тасымалданады.

Болашақ кеңейту жобасында күкірт өндірілмейтін болады. Құрамында күкіртсутегі бар табиғи газ қыртысқа құйылады. Өйткені нысандарды іске қосу процесі жаңа технологияларға бағытталған. Мақсат — ауаға таралатын зиянды қалдықтарды барынша Жоба құрамдарын іске қосуға бағытталған қосымша нысандармен бірге, коммуникация, мұнай жинақтау жүйесі және мұнай өндіру скважиналарын тұрғызып, ескілерін жөндеуден өткізу жоспарлануда.

Ішкі су жолымен жеткізілген жүк Баутино портына кіретін болады. Ол жерде мемлекеттік шекараны кесіп өтуге рұқсат қағазы жасакталады. Бүгінде жүк түсіруге арналған терминал жұмысы аяқталуға жакын. Теңіз кен орнында инфрақұрылым тарту жұмысы да жоспар бойынша жүруде. Жалпы құрылыс жұмыстары да кестеге сай атқарылып жатыр. Скважиналық алаңдар тұрғызу жұмысы аяқталуда. Өлшеу құрылғылары мен құбыр желісінің құрылысы сәтті жүргізілуде.

Сонымен бірге «Өркен» вахталық поселкесінің тұрғын үй блогы құрылысының да аяқталу мерзімі жакын. Қазіргі таңда 5 мың адамға шаққалған тұрғын үй кешенінде ішкі өрлеу жұмыстары жүріп жатыр.

ТҮЙІН

Белгіленген мерзімде халықаралық деңгейдегі энергетикалық жоба міндетті түрде жүзеге асады. Соның нәтижесінде Теңіз кәсіпорнының өндірістік қуаты еселеп артады. Дегенмен ТШО келісімшарты аяқталғаннан кейін кен орнының болашағы қандай? Энергетика министрлігінің мәліметінше, аталған жобаның іске қосылуы келісімшарт мерзімі аяқталатын күнге дейін қосымша 250 миллион тонна мұнай өндіруге жол ашады. Бұл — 2033 жылға дейін есептелген көрсеткіш. Отандық мамандар кен орнының межелеген 2033 жылдан кейін де «өмір сүретініне» сенімді отыр. Біз әңгіме еткен жобаларды жүзеге асырудың нәтижесі келісімшарт кезеңінен кейін де жалғасады. Қосымша 420 миллион тонна мұнай өндіруге мүмкіндік бар. Демек, Теңіз кенішінің байлығы ғасырдан-ғасырға дейін ұрпақ иілігі үшін іс атқара беретін болады.

Бетті дайындаған Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ, Атырау облысы

Құрылыс индустриясы – тәуелсіз елдің өркендеген экономикасының негізгі іргетасы. Кез келген өңірдің экономикалық көз-қуаты мен өлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Алматы облысында жетістіктердің дені аталған саланың дамуымен сабақтасып жатыр. Тағы бір жағынан, құрылыс – экономиканың негізгі діңгегі. Кейінгі жылдары түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында республика бойынша, оның ішінде Жетісу жерінде жаңа үйлер, мектептер, аурухана, жол салынып жатыр. Қатар-қатар бой түзеген көпқабатты тұрғын үйлер жүрегімізге сенім ұялатады. Облыс орталығы Талдықорған қаласымен қатар, өңірлердегі инженерлік-коммуникациялық желілерді реттеу, ішкі істер және коммуналдық шаруашылық, мәдени, білім, денсаулық сақтау нысандарын дамыту жобалары да жоспарға сай атқарылуда. Ең бастысы, осындай еңбектің нәтижесінде қаншама жастар, мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер мен қамқоршысы жоқ адамдар баспаналы болды. Қысқасы, өңірде құрылыс саласына деген ынта артып келеді.

ЖАҢАЛЫҚҚА БЕТБҰРЫС

Облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласына қан жүгіріп, өлкемізде көз сүрінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Десе де,



саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлеріміз нысандардың сәулетіне, өңірге сән беретін көркемдігіне, тұрғындардың тіршілік етуіне ыңғайлылығына ерекше назар аударады. Сондықтан құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын осы шаруаға қатысты мекеме басшылары және құрылыс саласының мамандары, елімізге танымал сәулетшілерден құралған комиссия мүшелерінің қатысуымен әбден сараптап, сараптап алу дәстүрге айналды. Биылдың өзінде бірнеше рет облыстық қала құрылысы кеңесінің отырысы өтіп, онда өңірдегі құрылыс пен жаңғырту жұмыстарына қатысты жобалар қаралды.

Айталық, ең алдымен 8 жоба қаралды. Сол қатарда «БМК-АРХ проект» ЖШС жобалаған Алакөл жағалауындағы демалыс орны, «Барыс жоба» ЖШС жобалаған Талдықорған қаласындағы әкімшілік-іскерлік ғимаратының құрылысы, «АБ-М» ЖШС жобалаған Карасай ауданындағы «Айша бибі» шаруа қожалығының құрылысы, Power Build Engineering ЖШС жобалаған Талғар ауданындағы тұрғын үй кешені құрылысы, Панфилов ауданындағы «Қорғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығындағы Grand proekt Engineering ЖШС жобалаған қонақүй кешені, «Алим Сервис» ЖШС жобалаған сауықтыру кешені, «ПС АЦЕНТ» ЖШС жобалаған сауда орталығының жобалары мен «Вектор-Проект» ЖШС жобалаған Қапшағай қаласындағы құрылыстардың қасбетін қайта жөндеу жобалары көпшіліктің көңілінен шықты.

Жобалардың таныстырылым барысында осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзету, толықтырудан өткен, әбден иі қанған жұмыстардың бәрі бізге кемшіліксіз сезілгені рас. Алайда елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сынағына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалды, кемшілік жерлері белгілі болып жатты. Әсіресе, әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі жерінен сақтау мен елді мекеннің сәулетіне тигізетін кері әсері туралы сын-ескертулер берілді. Сондай-ақ құрылыс жұмысы жүргізілген жағдайда аталған ескертулер бойынша жобаға түзетулер енгізу тапсырылды.

Келесі кезекте облыстың әкімдікте 6 жобаның тұсауы кесіліп, мақұлдаудан өтті. Бұл ретте Талғар ауданы Бесағаш ауылындағы Villa 96 коттеджді қалашық құрылысының жобасы таныстырылды. Жобала әрқайсысы 2 отбасына лайықталған 29 коттедждің, сонымен қатар балалар ойын және спорт алаңдарының, велосипед

жолдарының құрылысы қарастырылған. Аумағы түгелдей абаттандырылып, көгалдандырылады. «ПКС «Архат-2» жобалау ұйымының өкілі Анастасия Шестопапованың айтуынша, коттеждердің біреуін әкімшілік максатта пайдалану жоспарда бар. Сол ғимаратқа балабақша, дәрйхана орналастыруды қолға алуға болады.

Сонымен қатар Карасай ауданы Каскелең ауылдық округінде «Бибі Айша» тұрғын үй кешені құрылысының жобасы таныстырылды. «АБ-М» ЖШС өкілі Қамбар Өтеміров жоба аясында 312 пәтерлі 13 алты қабатты үйлер салынатынын жеткізді. Мұнда бір және екі бөлмелі пәтерлер, 3-ші класты үйлер орналасады. Тұрғын үй кешені тұрғындарының саны шамамен 800-дей адам болады деп күтілуде.

Келесі барысында Панфилов ауданы Нұркент кентінде 100 нөмірлі қонақүй, Алматы қаласының батыс кіреберісіндегі құрылыс материалдарының гипермаркеті мен сауда кешенін салуға 18 млрд теңге инвестиция тартылып, 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретіндігі сөз болды. Сол қатарда «Қорғас» ХШЫО-ның жобасына енгізілген өзгерістер жұрттың көңілінен шығатындығы белгілі болды. Бұл жайлы «Урбостиль» ЖШС директоры Любовь Нысанбаева баяндап берді. Жалпы, осы жолғы қаралған барлық жоба сарапшылар жағынан мақұлданды. Олар келесі жылы көктемде құрылыс жұмысы жүргізілмек.

СУ ҚОЙМАСЫ

Біраз жылдан бері жұрт құлағы елендеп жүрген Қызылағаш су қоймасы қайта қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған су қоймасы Қызылағаш ауылынан әлдеқайда жоғарыда орналасқан. Оған баратын жолдар да жаңаланып, алты шақырымды құрайтын электр желісі тартылып, жарықтандырылған. Сонымен бірге су құбыры жүргізілген.

Күзгі күннің ызғарына қарамастан, құрылысшылар техникалардың күшімен жұмысты қыздыруда. Аталған кешеннің құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру үшін

қолданысқа беріліп, ауылдықтарды қуантты. Спорт кешенінің ашылуына демеуші болған «Аттынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Халық Баяділова. Ауыл ақсақалдары мен жастар да көпшіліктің қуанышымен бөлісіп, жүрекжарды ақ тілектерін жеткізді. Ел игілігіне берілген аталмыш ғимараттың құрылысына барлығы 20 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалған. Бүгінде жаңа нысанда спортпен айналысам деуші азаматтар үшін ыңғайлы жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Туған өлкесінің түрленуі үшін осындай игілікті істі жасап отырған Халық Оңғарұлына деген ауылдықтардың ризашылығы шексіз. Ірі кәсіпкер енді жастардың шымыр болып



ЖАҢА ЖОБАЛАРМЕН ӨРКЕНДЕЙДІ

негізгі қызмет түрлері қатты қалдықтарды сұрыптап, залалсыздандыру болып табылады. Өңделген қоқыстан жұмыртқа лотоктары, полимерлік өрме тастар секілді лайын өнімдер шығарылады. Қазіргі кезде биогаз бен биогумус өндіру жұмыстары қарастырылып жатыр.

ӨНДІРС КӨЛЕМІ ҰЛҒАЮДА

Бүгінде өңірдің дамуы тың серпін алды. Осы орайда өндіріс бұйымдарына, оның ішінде отандық өнімге деген сұраныс арта түсті. Нәтижесінде көптеген жұмыс орындары ашылып, жекелеген өндіріс ошақтары өз өнімін беріп те үлгерді. Жеке кәсіпкер Жайлаубек Бласов өз жұмысын 2007 жылдан бастап «Қаратал» құрылыс бұйымдары дүкенін ашудан бастаған. Аталған дүкен аудан тұрғындарының құрылыс жұмыстарына қажет сан алуан тауармен қамтамасыз етіп, жылдан-жылға ұсынылатын өнім түрі мен көлемін тез ұлғайтты.

Алдыңғы жоба 2011 жылы қолға алынды. Биыл 30 жұмысшысы бар құрылыс бұйымдарын өндіретін цех іске қосылып, шлакоблок өндірілі. Тапсырыстың молдығына орай ұсыныс көлемі артып, шехтың өндірістік қуаттылығы тәулігіне 300-400 блокқа жетті.

Бұған қоса, өндіріс иесі быттыр шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіру мақсатында аумақтық қаржыландыру бағдарламасына қатысып, «СберБанк» АҚ-нан 8,0 млн теңгеге несие алды. Қазір бұл ақшаға өндірісті кеңейту мақсатында кезекті жобасын іске асыруда.

Тағы бір тілге тиек ете кетерлік жайт, был Қаратал ауданында «Өрлеу» ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Жайлаубек Бласовтың айтуынша, бұл ұжымның құрылуының негізгі мақсаты – аймақтағы жеміс-жидек, жау, сәбіз, қарбыз өндірушілерден сатып, алып, өнімді Алматы және Ресейдегі Сібір қалалары сұранысына орай өңдеп, сақтап, аталмыш шаһарлардағы сауда-саттық орындарына жеткізіп беру.

– Қазір осы мақсатта 2000 шаршы метрге көкөніс қоймасы сатып алынып, жау сақталуда. Келешекте қойманы 2000-4000 шаршы метрге дейін кеңейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді Жайлаубек Бласов.

Шаруасы тиянақты, табысы қомақты кәсіпкердің алға қойған жоспары да көп. Оған уақыт сарапшы десек, осы барыста

өсетініне және қазақтың туын желбіретер спортшылардың ауылдан шығатынына сенімді.

ЖАҢА КӨПІР

Биыл Балқаш ауданында елді мекендердің жолдарын жөндеп, күтіп ұстауға бюджеттен 425,168 миллион теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Оның 156,209 миллион теңгесі Құйған ауылындағы Іле өзеніне салынатын жаңа көпірдің құрылысына бөлініпті.

Бұл істі негізінен «ИнтерТехСтой» ЖШС-нің құрылысшылары қолға алған. Қосымша «Контр» ЖШС сияқты мекемелердің жұмысшылары да тартылған. Аталған серіктестіктің бас инженері Равиль Ибрамовтың айтуынша, өзеннің сол жағалауындағы жол жөнделген. Көпірдің құрылысына қажет бұйымдар да жеткізіліп, шетінен орнатылып жатыр. Құрылыс бұйымдарының бәрі отандық. Сондай-ақ құрылыс жұмыстарын жүргізуге қосымша «Контр» ЖШС сияқты мекемелердің жұмысшылары да тартылыпты. Осы мекеменің прорабы Асқар Батыров бұл істің сәуір

айында басталғанын және оның жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілетінін сөз етті. Көпірдің құрылыс жұмыстарын жүргізуге жиырмадан аса адам, он шақты техника тартылған. Айта кетейік, алдағы уақытта жаңа көпірмен тек ауыл адамдары ғана емес, сондай-ақ автокөліктермен де жүруге мүмкін болмақ.

ҚОҚЫС ӨНДЕЙТІН ЦЕХ

Талдықорған-Үштөбе тасжолының бойынан құл-қоқыс өңдейтін жаңа цех ашылды. Осы ретте Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Мәмбетжанов арнайы келіп, көпшілікті құттықтады.

Жылына жүз мың тонна қоқыс өңдеуге қауқары жететін цехты іске қосу үшін 250 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалыпты. Ал жалпы жоба құны 1400 миллион теңгені құрайды. Келесі жылы биогаз, содан соң биогумус өңдейтін цехтар іске қосылатын болады. Сөйтіп, жобаның екінші, үшінші кезені жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Жалпы, мұндай орынның ашылуы қаланың экологиялық ахуалын жақсартып, тазалықты сақтауға айтарлықтай ықпал етеді.

Кәсіпорынның құрылғылары жартылай автоматтандырылған. Құл-қоқыстар арнайы құрылғы арқылы жылжып, адам қолымен іріктеледі. Онда қағаз,



мемлекеттік қолдаудың да қажеттілігі туындамақ. Бұған қоса, шаруашылық иесі кәсібин өркендетуге үнемі септесіп, көмек қолын созып отыратын аудан әкімдігіне алғысын жеткізді.

СӨЗ СОҢЫ:

Кез келген мемлекеттің өркендеуі мен дамуының басты шарты, әрине, оның экономикалық әлеуетінің артуымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда Елбасының сындарлы саясатының арқасында еліміздің экономикасы қарыштап дамып, ТМД елдері арасында қосбасшы мемлекетке айналып отырмыз. Тіпті кейінгі жылдары облысымыз бойынша тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, ауылдарға тартылған су жүйелері, электр жүйелері, республикалық маңызы бар және жергілікті жолдары, тағы басқа нысандар жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Демек, құрылыс жұмысы қарқынды. Біз осы қарқыннан айырылып қалмасак, алдағы жоспарларымыз түбегейлі жүзеге асатын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

АЙБЫН



Музей жетекшісі Жұлдыз Уәлиева «Қара шаңырақтың іргетасы 1919 жылы 12 қараша Менжинский көшесінде екі қабатты ағаш үйде жас ұрпаққа арналған қазақ мектебі ретінде қаланып, 4 жылдық мектеп ретінде ашылса, 1973 жылы М.Ғабдуллин есімі беріліп, 1975 жылы 8 мамыр екінші дүниежүзілік

Мектеп – бұл оқушы мен оқытушылардың бірлескен үйлесім іс-әрекеттерінің негізінде қаланған ғылым, мәдениет пен өнер сарайы десек, сол үш саланы біріктіретін бүгінгі білім саласында Мәлік Ғабдуллинді тану қаншалықты дәрежеде, қалай іске асырылып жатыр деген мәселеге көз жүгіртелік. Бұл тұрғыда Көкшетау қаласындағы Батыр атағын иеленіп келе жатқан №3 көптілде оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясының оқу-тәрбие жұмысындағы орасан жұмыстары дәлел болады.

байқауы I орын алды. Оқушылар батыр атасы жайлы ғылыми жоба мен зерттеулер жазады. Бұл ғылыми жобалар республикалық сайыстарға дейін жолдама алып, бірнеше оқушылар жеңімпаз атанды. 2017 жылы халықаралық музей күніне арналған білім беру ұйымдарының музейлер арасында өткен облыстық фестивальде III жүлделі орын алды. «Мектеп – білім-тәрбие шаңырағы, оның мүлкін қорғау және қамқорлық

көрсету сенің борышың» деген батыр ата өсиетін бұлжымас қағида ретінде қабылдайды. Жоғары сыныпта «Мәліктану» бағдарламасы бойынша әскери-патриоттық тәрбие бағытында «Ерлік сабақтары» өткізіледі. «Ерлік сабақтарында» М.Ғабдуллиннің соғыс тактикасын меңгеруі, майдандағы қызметі мен ерліктері, әр награданы алудағы еңбектері оқылады. Бұл шараны ұйымдастырушылар: мұражай, кітапхана меңгерушілері мен сынып жетекшілері. Сабақты өткізу үшін М.Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар» кітабы ұсынылады. Ол бір ай мерзімде дайындалып, ұйымдастырылады.

Ерлік сабақтары жастар бойында жақсы қасиеттерді қалыптастырып, отансүйгіштік сезімге баулиды. Оқушылар батырлық қасиетті бойларына сіңіріп, ерлік пен елдік мінез қалыптастырады. Педагог-жазушы ретінде ол жас ұрпақтың тәрбиесіне де ерекше көңіл бөледі. Ғалым жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне үлес қосқан кісі. «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты кітабында Мәлік ағамыз халықтың рухани көркем мұрасының жана буындарды өсіріп тәрбиелеуге атсалысатыны турасында сыр шертеді. Ата-аналарға еңбегін насихаттай отырып, оның педагогикалық тәлім-тәрбиесін үлгі ететін іс-шаралар өткізілді.

Кенес Одағының батыры, академик, қоғам қайраткері М.Ғабдуллиннің тұнасы арқылы өскелең ұрпаққа Отан қорғау жауапкершілігін ұқтыру, батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрін насихаттау, этнопедагогикалық бағыттағы насихат жұмысын жандандыру арқылы жана қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында жыл сайын қалалық білім бөлімімен жасалған келісім бойынша мәні мен маңызы жоғары «Мәлік Ғабдуллиннің Құрмет Жұлдызы» байқауы өткізіліп тұрады. Байқауға қатысқан мектеп-гимназия оқушысы Байбек Нұрлан III жүлделі орынға ие болса, 2014-2015 оқу жылы 10-сынып оқушысы Жамаш Алмас осы байқаудың гран-при жүлдесіне қол жеткізді.

Мектеп-гимназия оқушылары «Біз Мәліктің ұрпағымыз» атты ақындар мүшәйрасына арнап шығарылған өлеңдер жинағы республикалық «Қазақстан патриоты» журналына жарияланды.

Мектеп-гимназия музейі оқушыларды, жас ұстаздарды танымдылық құштарлыққа жұмылдырып, рухани өсіп-өркендеуіне, тарихи бейнелерді танып білугіне, шынайы мұралар негізінде білімдерін қалыптастыру жолында берері мол. 2012 жылы мектеп-гимназиясы мәртебесін алса, 2015 жылы білім және ғылым министрлігінің мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісіне енді. М.Ғабдуллиннің атак даңқын мектеп-гимназиясының ұжымы жоғары дәрежеде сақтап келеді. Атап айтсақ, 2013 жылы Ақмола облысы бойынша «Орта білім беретін үздік ұйым» байқауында бас жүлде, халықаралық «Лучший бренд школы-2013» конкурсының III жүлдегері атанса, 2015-2016 оқу жылдары бойынша қалалық гимназия мектептері арасындағы мониторинг нәтижесі бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жыл сайын «Жас аманат» әскери патриоттық клуб ұландары Ұлы Отан соғысының жеңіс күні мен Қазақстан Қарулы Күштері күніне арналған саптық ән шеру байқауында жүлделі орындардан көрінеді.

Көкшелегі білімнің қара шаңырағы жас толқынның бойына патриоттық дәнін сіңіру жолында осылайша жемісті еңбек етіп келеді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ, Көкшетау

соғысының аяқталғанына 30 жыл толу құрметіне мектеп музейі ашылды», – дейді. Мемориалдық музей Кеңес Одағының батыры, жазушы, әдебиет зерттеушісі, профессор, филология ғылымдарының докторы, КСРО Педагогика ғылым

Ердің ерлігі

ұмытылмайды



академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мәлік Ғабдуллинге арналған. Музей өз ісін қазіргі күнге дейін жалғастырып келеді. Жыл сайын толықтырылып отыратын мұрағаттардан жас жеткіншектер батыр атаның тағылымына толы істерінен мол мағлұмат алады. «Мәліктану» бағдарламасы бойынша жыл сайын өткізілетін айлық мектепшілік іс-шараларда мектеп оқушылары өз дәрежесінде қыруар еңбек атқарады. «Мәліктанудың» алғашқы кезеңі басталып сыныптан басталады. I-сыныптан басталатын «Өзін-өзі тану» бағдарламасының «Адам және азамат» бөліміне «Мәліктану» мәселесі сәйкестендіріледі. Мектеп-гимназиясының табалдырығын жана аттаған бүлдіршін, ең алдымен, Мәлік Ғабдуллин есімімен танысады. Мектеп неге ол кісінің атымен аталғандығын, оның кім екендігін танып-біледі. М.Ғабдуллиннің де өздері секілді осы мектептен білім алып, кемелер тұлға болғандығын, балалық шағы мен өскен ортасын, білім алуғағы ынтасы мен зеректігін оқып үйренеді де Мәлік атасындай болуға ұмтылады. М.Ғабдуллин өмірінің шежіресін білу, оның нақыл сөздерін тақырыптық жүйелеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл «Мәліктанудың» екінші кезеңі. Орта буындағы осы ігі шаралар күрделеніп, жоғары сыныпта өз жалғасы табады, яғни үшінші кезеңге ұштасады.

Мектеп-гимназиясының «Мәліктанушылар» үйірмесінің мүшелері 2016 жылы Отанына шексіз қызмет етуге және «Жас ғабдуллиншілер» клубының ережесін бұлжытпай орындауға салтанатты түрде ант беріп, республикалық «Жас ғабдуллиншілер» клубының қатарына қабылданды.

«Мәліктанушылар» үйірме мүшелері ғылыми-зерттеу жұмысын атқара отырып, 2012 жылы республикалық «Мұражайдың жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың рөлі» фестивалінде музейлер сайысында мектеп-гимназиясының I орын алуына өз үлесін қосса, 2013 жылы «Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізген «Туған жер-2013» жалпы білім беру мектептері мұражай



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕР БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...

Жас қазақ: Манат Болатұлы, өзініз басқарып отырған әскери мектеп-интернаттың қысқаша тарихымен таныстырып өтесіз.

Манат Батырбаев: Бұл мектеп 1983



жылы ашылған. 1991 жылы бұл мектепті полковник Ким Серікбаев басқарды. Сол кісінің бастамасымен мектеп ұжымы тиісті орындарға хат жазып, Бауыржан Момышұлының есімін берген. Сонымен бұл мектеп 1991 жылы Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты болып өзгертілді. Бірақ мектеп білім министрлігінің қарамағында болады. 2015 жылы Алматы, Шымкент және Қарағандыдағы әскери үш мектеп «Жас ұлан» мектеп-интернаты болып өзгертілді. Ал Астанадағы Сағадат Нұрмағанбетов атындағы әскери мектеп бұрыннан қорғаныс министрлігіне қарайтын.

Жас қазақ: Отанға қорған болғысы келетін оқушыларға қандай талап қойылады? Қай сыныптан бастап қабылданады?

Манат Батырбаев: Бізде Қорғаныс министрлігінің

Әскери қызмет – қашанда мәртебелі мамандық болып саналады. «Отаным, елім, жерім», – деп тұратын ел азаматы сол мәртебені жетік түсінеді. Жетік түсінгеннен кейін де бала кезінен генерал болуды армандап, арнайы әскер қызметіне дайындайтын мектеп-интернатқа түседі. Биылдың өзінде еліміз бойынша көктемде 700-ге жуық оқушы әскери мектептің түлегі атанды. Жаңа оқу жылында тағы 700 ұлан әскери мектептің табалдырығын аттады. «Жас қазақ» газеті болашақ сардарлардың бір күнгі тіршілігімен танысу үшін Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық мектеп-интернатына барып қайтты. Ондағы мақсатымыз – Отанға қорған болғысы келетін жас ұландардың өмірі арқылы өзге жастарды қызықтыру. Ең алдымен осы мектепті басқарып отырған полковник Манат Болатұлымен сұхбат құрдық.

сурет түсіру ғана бұйырды. Әскери өмірдің кереметі мен қиыншылығын мойымай көтеріп жүрген болашақ сарбаздардың жанарынан қыранға тән қырағылық пен ұлы рухтың ұшқыны анық байқалады.

Дәлізге шыққанымызда Медеу есімді дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

кездестірді. Ол өткен жылдан бері осында дәріс береді. «Қазан айында

қазір қоссайыс спортына аяқ пен қол әдісін қатар қолдануға рұқсат етілген. Үйірме құрамындағылар



жақсы нәтиже көрсетуде. Әбennің осы мектепке келгендегі мақсаты – шекара қызметкері болу екен.

Әбен ШӘКӘРІМ, «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушісі:

2016 жылы осы мектепке түстім. Әскери-спорттық өмірге бала күнімнен қызықтым. Халықаралық жарыста, яғни Румынияда 3 рет шаршы алаңға шықтым. Алғашқы екеудің жеңіске жеттім. Қарсыластарым – Чехия мен Молдова спортшылары. Екеуінен айламды асыру аса қиындық тудырған жоқ. Дегенмен, соңғысында ресейлік спортшыдан жеңіліп қалдым. Турнирге ең мықты спортшылар қатысты деп сеніммен айта аламын. Жақындарым әскер саласына барғанымды қалады. Өзімнің де барғым келді. Шешуші кезеңде әкеммен ақылдасып, өмірдегі үлкен қадамымды жасалдым. Негізгі мақсатым – шекара қызметшісі болу. Бұл мектепке түскеніме ешқашан өкінбеймін. Себебі осы мектеп арқылы әлемдік жарыстарда топ жару бақыты

Батырдың жолымен




бұйырды. Менің ойымша, мектептің ерекшелігі – өз бетінше өмір сүруге үйретеді. Өзі жоспар құрып, өз бетінше өмір сүруге үйренген жасөспірім қай жерде де озып шығады. Екіншіден, әскери мектеп-интернатқа оқитын тәрбиеленушілердің көпшілігінде қайсар мінез қалыптасады. Үшіншіден, мұнда балалардың барлығы режиммен өмір сүреді. Демек денсаулық тұрғысынан да артықшылығы бар.

МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫ

Бұл мектепте арнайы мұражай да бар. Ұландар мұражайға кезекпен келіп, дәріс алады. Әрбір взводтың командирі мұражайда Бауыржантану сабағын өткізеді. Мұражай екі бөліктен тұрады. Бірінші залда Бауыржан Момышұлына арналған фотогалерея бар. Батыр бабамыздың сұрапыл соғыста жүріп өткен жауынгерлік жолын қабырғаға ілінген үлкен суреттер біле аласыз. Ал екінші бөлмеде суреттер мен бұйымдар қойылған. Онда мектептің тарихы мен тулектері туралы білуге болады. Әскери тапсырманы орындау барысында қаза тапқан батырларға арнайы бұрыш ашылған. Жаужүрек батырлардың ізімен жүрулі мақсат еткен ұландар үшін бұл естеліктің берері мол. Әскери мектептің мақсаты да осы. Батырларды үлгі еткен тәрбиеленушілерге әскери бағыт-бағдар беру.

Ал тәрбиеленушілердің арман-мақсаты – елін жаудан қорғайтын азамат атанып, Қазақстан Қарулы Күштерінің айбынды офицері болу. Ұлттың ұланы болу үшін олар кез келген қиындыққа шыдауға дайын. Қорғаныс саласы темірлей тәртіпті талап ететінін жақсы біледі. Бөрінің кеудесінде намыс оты жалындайды. Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебіндегі жігерлі ұландарды көргенімізге қуанып қайттық.

Руслан ДОСТАЕВ, Алматы



35-ші бұйрығы бойынша бұл мектепке түсу үшін ұлан тоғызыншы сыныпты бітіріп, жасы 15-ке толуы керек. Нақтырақ айтсақ, орта білімі болуы тиіс. Бірінші кезекте денсаулығына қараймыз. «Денсаулығы жарамды» деген медициналық анықтамасы болуы қажет. Оқу мерзімі – 2 жыл. Мектептің шарты бойынша алғашқы әскери даярлық және дене шынықтыру пәндеріне басқа назар аударылады. Мұнда әрбір әскери саланың ерекшелігі, қиындығы түсіндіріледі. Бізден ұшып шыққан тулектің басым көпшілігі әскери институттарға, академияға түседі. Олардың қай оқуға түскенін қалағалап, тізімге алып отырамыз.

ЖАС ҚЫРАН СПОРТТА ШЫҢДАЛАДЫ

Мектеп басшысымен сұхбаттасып болған соң, жас ұландардың білім алатын кабинеттерін араладық. Біз барғанда информатика пәні өтіп жатты. Біркелкі киінген оқушылардың келбеті көз тартып, сүйсінікті. Компьютер бөлімінде білімін шыңдап жатқан оқушылардың назарын өзге нәрсеге аударуға болмайды. Бізге бірлі-жарым

БІІКТІ БАҒЫНДЫРҒАН ҰЛАН

Ұстазы мақтаған Әбен Шәкәрімді де тауып алдық. Тараз қаласынан келген жас өреннің болашағынан ұстаздары көп үміт күтеді. Оған қоса,

«Текті сөздің төресі - терме»

республикалық байқауының баспасөз баяны

Терме-толғау – қазақ руханиятының қайнар көзі. Тарихтан сыр шертіп, тәрбие мен ғибрат беретін маржан сөздің мәйегі. Ұрпақты ұлттық рухы асқақ, адамгершілігі мол, иманды, отансүйгіш, елжанды етіп өсіретін тағылымға толы өнер. Ұлттық өнерді ұлықтау мақсатында, «Рухани жаңғыру» аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитетінің қолдауымен «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша «Текті сөздің төресі – терме» республикалық

жыршы-термешілер байқауын өткізеді. Оған Астана, Алматы қалалары және еліміздің әр облысынан іріктелген 16 үміткер қатысады. Байқауға елімізге белгілі әдебиет пен өнер майталмандары қазылық етеді. Жеңімпаздар бағалы ақшалай сыйлықпен марапатталады.

Республикалық байқау 3 қараша күні Қарағанды облысының Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдәбаев атындағы Кеншілер сарайында өтеді.

Мекен-жайы: Сәтбаев қаласы, Сәтбаев даңғылы, 106 үй Уақыты: 09:30

АБЗАЛ АЗАМАТ ЕДІ



Абзал азамат, білікті маман, асқар таудай әке, ішкі істер саласының ардагері отставкадағы полковник Сейітбек Түркебаев 80-ге қараған шағында өмірден озды.

Бүкіл саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнаған Сейітбек Ұзақұлы Алматы облысында дүниеге келген. Еңбек жолын колхозда жүргізуші болудан бастады. 1962 жылы жолдамамен ішкі істер органдарына қызметке келді. Алматы қалалық МАИ жол қадағалау инспекторы, мемлекеттік автоинспектор, аға мемлекеттік инспектор, жол қозғалысын басқару бөлімінің басшысы, Қазақ КСР ИИМ

МАИ басшысының орынбасары, Алматы қалалық МАИ басшысы сияқты жауапты қызметтерді ойдағыдай атқарды. С.Түркебаев жас кезінен бастап қоғамдық жұмысқа белсене араласып, көптеген шәкірттер тәрбиеленді. 1986 жылы зейнеткерлік демалысына шыққаннан кейін де белсенді қызметтен қол үзген жоқ. 1994 жылы Жол қозғалысы қауіпсіздігі қорын басқарды. МАИ Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды.

Сейітбек Түркебаевтың жарқын бейнесі туған-туыстары, ұрпақтары және қызметтестерінің жадында мәңгі сақталады.

Түркебаевтар отбасы

Бас редактор – директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші

Әбдіманан КЕНЕС – жастар және ғылым

Салтанат ШЫРЫНХАН – арнаулы тілші

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміні

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенді АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мендібай СУМЕКІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегията hahmuba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Қатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г күйігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2134;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.